


## Қазақ

# 1 Бірінші рет пайдалану алдында

Құрылғыны және қосалқы құралдарды алғаш рет пайдалану алдында, тағамға тиетін бөлшектерді мұқият тазалаңыз.

**Көбірек кеңестер мен негізгі рецептілерді онлайн алу үшін:**

- www.philips.com торабына өтіңіз.
- Бастапқы беттегі іздеу түймесін  баыңыз.
- Іздеу жолағына өнім нөмірін «HR7776, HR7777 немесе HR7778» теріңіз.
- Қажетті ақпаратты іздеу нәтижесінен табыңыз немесе жүктеп алыңыз.

# 2 Шолу (1 -сурет).

- |           |   |           |  |
|-----------|---|-----------|--|
| <b>1</b>  | Ас комбайнының итергіші                       | <b>20</b> | Шағын турағыш ыдысы                                |
| <b>2</b>  | Ас комбайнының тостаған қақпағы               | <b>21</b> | Нығыздағыш сақина                                  |
| <b>3</b>  | Пышақтар                                      | <b>22</b> | Шағын турағыштың немесе блендердің алынбалы пышағы |
| <b>4</b>  | Білік   | <b>23</b> | Үлкен шырын сыққыш итергіші                        |
| <b>5</b>  | Ас комбайнының тостағаны                      | <b>24</b> | Үлкен шырын сыққыш қақпағы                         |
| <b>6</b>  | Мотор   | <b>25</b> | Үлкен шырын сыққыш сүзгісі                         |
| <b>7</b>  | Илеу құралы                                   | <b>26</b> | Үлкен шырын сыққыш ыдысы                           |
| <b>8</b>  | Қос қабатты көпірткіш                         | <b>27</b> | Үлкен шырын сыққыш ыдысының негізі                 |
| <b>9</b>  | Екі жақты турау дискісі                       | <b>28</b> | Өлшеу кесесі                                       |
| <b>10</b> | Реттелетін кесу дискісі                       | <b>29</b> | Блендер қақпағы                                    |
| <b>11</b> | Жюльен дискісі (тек HR7778 үлгісінде)         | <b>30</b> | Блендер ыдысы                                      |
| <b>12</b> | Түйіршіктеу дискісі (тек HR7778 үлгісінде)    | <b>31</b> | Нығыздағыш сақина                                  |
| <b>13</b> | Қуырылған картоп дискі (тек HR7778 үлгісінде) | <b>32</b> | Блендердің немесе шағын турағыштың алынбалы пышағы |
| <b>14</b> | Цитрус сыққыш конус                           | <b>33</b> | Науа қақпағы                                       |
| <b>15</b> | Цитрус сыққыш тор                             | <b>34</b> | Сақтау науасы                                      |
| <b>16</b> | Шағын шырын сыққыш итергіші                   | <b>34</b> | Сақтау науасы                                      |
| <b>17</b> | Шағын шырын сыққыш қақпағы                    | <b>35</b> | Қалақша  |
| <b>18</b> | Шағын шырын сыққыш сүзгісі                    | <b>36</b> | Тазалау щеткасы                                    |
| <b>19</b> | Шағын шырын сыққыш негізі                     |           |  |

# 3 Ас комбайны

## Жалпы жинау


Қосалқы құралдардың кез келгенін пайдалану немесе жинау алдында мынаған сай жинаңыз: 2-суреттен 10-суретке дейін.

- Мотор бөлігіне бекітіліп, «сырт» еткен дыбыс естілгенше тостағанды оңға қарай бұраңыз.
- Қосалқы құралды немесе саппен берілген қосалқы құралды тостағанға жинаңыз.
- Азықты тостағанға салыңыз.
  - Цитрус сыққыш үшін цитрус жемістерін конусқа итеріп, 5-қадамға өтіңіз.
- Тостағанның қақпағын жабыңыз да, орнына түсіп, «сырт» еткен дыбыс шыққанша қақпақты оңға қарай бұраңыз. Одан кейін, итергішті тамақ салатын түтікке кіргізіңіз.
  - Дискілер мен шағын шырын сыққыш үшін азықты түтікке итергішпен итеріп салыңыз.
- Штепсельдік ұшты розеткаға қосыңыз.
- Ұсынылған азық мөлшері мен параметрді 1-кестеден тексеріңіз. Тұтқаны қажетті жылдамдық параметріне бұраңыз.


- Қолданғаннан кейін тұтқаны **OFF** (ӨШІРУ) позициясына бұрап, құралды қуат көзінен ажыратыңыз.




## Пышақтар

Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 2. Пышақтардың көмегімен азықтарды турауға, араластыруға, шайқауға немесе олардан езбе жасауға болады. Сондай-ақ, оны торт қамырын араластыру және шайқау үшін пайдалануға болады. Құралды өшіргеннен кейін пышаққа немесе тостағанның ішіне жабысып қалған азықты кетіру үшін қалақшаны пайдаланыңыз.


<b></b> Есте сақтаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Ингредиенттерді салар алдында пышақ бөлігін әрқашан ыдысқа салыңыз.</li> <li>Пышақтармен кофе дәндері, куркума, мускат жаңғағы және мұз бөліктері сияқты қатты азықтарды ұсақтамаңыз, себебі бұл пышақтың өткірлігіне әсер етеді.</li> <li>(Қатты) ірімшік немесе шоколад тураған кезде, құралды ұзақ істеппеніз. Әйтпесе, бұл ингредиенттер қызып, ериді де, кесектеніп кетеді.</li></ul>


## Илеу құралы



Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 3. Тұтқаны **ON** (ҚОСУ) позициясына бұрап, бастау үшін  илеу алдын ала орнатылған түймесін басыңыз. Қамыр дайын болғанда тоқтату үшін түймені қайтадан басыңыз.

<b></b> Кеңес
<ul style="list-style-type: none"><li>Егер глютен құрамы жоғары ұн пайдаланылса, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, әр 100 г ұнға 60 г су қолданып, 1,5 минут (ең көп уақыт) 9-12 жылдамдығында илеңіз.</li> <li>Илеу алдын ала орнатылған түймесінде  құралдың көбірек қолданылуынан сақтайтын автоматты тоқтату таймері бар.</li> <li>Илеу алдын ала орнатылған түймесінде әрбір дайындау циклінен кейін автоматты салқындату кезеңі бар. Бұл кезеңде түйме жыпылықтайды және функцияны іске қосу мүмкін болмайды.</li></ul>

## Қос қабатты көпірткіш

<b></b> Ескерту
<ul style="list-style-type: none"><li>Сары маймен немесе маргаринмен торт қамырын шайқау үшін қос қабатты көпірткішті пайдалануға болмайды. Бұл жұмысқа пышақ бөлігін пайдаланыңыз. .</li></ul>


Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 4. Тұтқаны **ON** (ҚОСУ) позициясына бұрап, бастау үшін алдын ала орнатылған шайқау/көпірту түймесін  басыңыз. Крем немесе жұмыртқаның ағы толық дайын болғанда тоқтату үшін түймені қайтадан басыңыз. Жұмыртқаның ағын көпірту және кілегейді шайқау үшін қос қабатты көпірткішті пайдалануға болады.


<b></b> Кеңес
<ul style="list-style-type: none"><li>Шайқау/көпірту түймесінде  құралдың көбірек қолданылуынан сақтайтын автоматты тоқтату таймері бар.</li></ul>

## Дискілер

Бастамастан бұрын, қажетті дискіні келесіден таңдап, оны келесі суреттерге сай жинағаныңызды тексеріңіз: 5:


	Атауы	Мақсат
	Екі жақты турау дискісі	Ингредиенттерді екі жағымен жұқа немесе қалың бөліктерге турау үшін
	Реттелетін кесу дискісі	Ингредиенттерді көрсетілген кесу қалыңдығымен кесу үшін
	Жюльен дискісі (тек HR7778)	Ингредиенттерді жұқа тіліктерге бөлу үшін
	Түйіршіктеу дискісі (тек HR7778)	Ингредиенттерді шағын/майда бөліктерге түйіршіктеуге арналған
	Қуырылған картоп дискісі (тек HR7778)	Ингредиенттерді қалың тіліктерге бөлу үшін.

<b></b> Абайлаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Дискінің кесу пышағын ұстағанда абайлаңыз. Онда өте өткір кесу жүзі бар.</li> <li>Дискіні ешқашан мұз текшелері сияқты қатты ингредиенттерді өңдеу үшін пайдаланбаңыз.</li> <li>Ингредиенттер салынатын түтіктің ішіне ингредиенттерді итергішпен күш салып тығындамаңыз.</li></ul>

<b></b> Есте сақтаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Ингредиенттерді беру түтігіне итергішпен салыңыз. Жақсылап туралуы немесе үгітілуі үшін, тамақ салатын түтікті бірқалыпты етіп толтырыңыз. Сізге тым көп мөлшердегі ингредиенттерді шайқау/турау керек болса, онда кішкене бөліктермен шайқап/тураңыз, және ыдысты арасында босатып отырыңыз.</li></ul>


## Цитрус сыққыш


Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 6.

<b></b> Есте сақтаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Цитрус сыққыш торын ыдыстағы сапқа қойыңыз. Тордағы қорғаныстың ыдыс тұтқасындағы ұяға бекітілгенін тексеріңіз. Тор дұрыс бекітілгенде сырт еткен дыбыс естіледі.</li> <li>Цитрус жемісін конусқа итере бастаңыз. Қажет болса, електен дәнекті алып тастау үшін сығуды тоқтатыңыз. Сығып болғанда немесе дәнектерді алып тастағыңыз келгенде, тұтқаны <b>OFF</b> (ӨШІРУ) позициясына бұрап, қосалқы құралдар орнатылған тостағанды құралдан алыңыз.</li></ul>

## Шағын шырын сыққыш (тек HR7777)

Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 7.


<b></b> Абайлаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Ингредиенттер салынатын түтіктің ішіне ингредиенттерді итергішпен күш салып тығындамаңыз.</li> <li>Ыдысты ең жоғарғы көрсеткіштен артық толтырмаңыз.</li></ul>

<b></b> Есте сақтаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Ингредиенттерді өңдеместен бұрын, қара өріктен, сары өріктен, шабдалыдан және шиеден барлық дәндерді алыңыз, ананастан, қауыннан, т.б. барлық қатты қабықты алыңыз.</li></ul>

## Шағын турағыш (қосымша)


Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 8. Шағын турағышты кофе дәндері, бұрыш дәндері, жаңғақтар, асшөптер мен кептірілген жемістерді ұсақтау үшін қолдануға болады. Інжір сияқты кептірілген жемістерді ұсақтап, йогурттың бетіне севуге немесе нанға не печеньеге салуға пайдалануға болады.


Кептірілген інжірді өңдегенде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін ең көбі 60 г інжірді 7 секунд бойы Р жылдамдығында өңдеңіз.

<b></b> Есте сақтаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Шағын турағыш ыдысын және пышақты (9965 100 56737 &amp; 9965 100 56882 қызметтік код нөмірі бойынша) қосымша қосалқы құрал ретінде Philips дилеріне немесе Philips қызмет көрсету орталығына тапсырыс беруге болады.</li> <li>1-кестедегі кеңестерді орынданыз. Шағын турағышта көрсетілген ең жоғарғы деңгейден асырмаңыз.</li></ul>


## Үлкен шырын сыққыш (тек HR7778 үлгісінде)


Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 9. Сәбіз, алма, қарбыз, алмұрт, жүзім және ананас сияқты жемістер мен көкөністердің 1,5 кг-нан шырын дайындау үшін үлкен шырын сыққышты пайдалануға болады.

<b></b> Абайлаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Тамақ салатын түтікке ешқашан қолыңызды немесе басқа затты (мысалы, шанышқы, пышақ, қасық немесе қалақша) салмаңыз. Бұл мақсат үшін тек жинақпен бірге берілген тығындағышты қолданыңыз.</li> <li>Қақпақты аларда електің айналуы толық тоқтағанша күтіңіз.</li></ul>


<b></b> Есте сақтаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Електі әрдайым қолданар алдында тексеріңіз. Жарық, сынық немесе торы бос диск сияқты қандай да бір зақымды байқасаңыз, шырын сыққышты пайдаланбаңыз.</li> <li>Азық-түліктерді өңдеу алдында, қара өріктер, өріктер, шабдалыар мен шиелерден барлық сүйектері мен дәндерін, ананастардан, қауындардан және т.б. қатты қабықтарын алып тастаңыз.</li> <li>Шырын сыққыш ыдысына қақпақты дұрыс бекіткенде сырт еткен дыбыс естисіз.</li></ul>


## Блендер

Бастамастан бұрын, келесі суретке сай жинағаныңызды тексеріңіз: 10. Мұзды ұсақтау үшін тұтқаны **ON** (ҚОСУ) позициясына бұрап, алдын ала орнатылған мұз түймесін  басыңыз. Тоқтату үшін түймені қайтадан басыңыз.

<b></b> Есте сақтаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Блендер қосылып тұрғанда, құмыраға қолыңызды немесе басқа затты салмаңыз.</li> <li>Пышақтарды блендер құмырасына тақпас бұрын оған сақина тығыздағышты салыңыз.</li> <li>Өңдеу барысында сұйық азықтарды қосу үшін, оларды блендер құмырасына азық салынатын тесік арқылы құйыңыз.</li> <li>Өңдемес бұрын, азықты кішкентай етіп бөлшектеп алыңыз.</li> <li>Егер сіз көп мөлшер дайындағыңыз келсе, онда бірден көп мөлшердегі ингредиенттерді салмай, кішкене мөлшерлі бөліктерге бөліп жасаныз.</li> <li>Тасымауы үшін: ыстық немесе көбіктенетін (мысалы, сүт) сұйықтықтарды өңдегенде, блендер құмырасына 1 литрден артық сұйықтық құймаңыз.</li> <li>Азықтарды блендер құмырасына жоғарғы деңгейден асырмай салыңыз.</li></ul>

# 4 Тазалау

<b></b> Ескерту
<ul style="list-style-type: none"><li>Құралды тазаламас бұрын оны розеткадан ажыратыңыз.</li></ul>

<b></b> Абайлаңыз
<ul style="list-style-type: none"><li>Пышақтар мен дискілер жүздерінің қатты заттарға тимеуін қадағалаңыз. Бұл пышақты мұқалтуы мүмкін.</li> <li>Жүздері өте өткір. Тағам процессорының пышақ бөлігін, блендердің пышақ бөлігін және дискілерді тазалағанда абайлаңыз.</li></ul>

- Моторды дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
- Басқа бөлшектерді ыстық суда (< 60 °С) біраз жуу сұйықтығын қосып немесе ыдыс жуғышта жуыңыз.

# 5 Сақтау

- Қуат сымын біріктірілген сым сақтау орнына тығыңыз (Сурет: 12).
- Өнімді құрғақ жерде сақтаңыз.
- (HR7776 және HR7777 үшін) Тағам процессорының ыдысына кіші қосалқы құралдарды салыңыз (Сурет: 13).
- (HR7778 үшін) Илеу құралын, пышақ бөлігін, қос қабатты көпірткішті, қалақшаны және дискілерді қосалқы құралды сақтау науасына салыңыз (Сурет: 14).

# 6 Кепілдік және қызмет көрсету

Бір мәселе бар болса, қызмет көрсету немесе ақпарат қажет болса, www.philips.com/support торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Телефон нөмірін дүние жүзілік кепілдік кітапшасынан табуға болады. Егер еліңізде тұтынушыларға қолдау көрсету орталығы болмаса, онда жергілікті Philips компаниясының дилеріне барыңыз.